

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 09 АҚПАНДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

I. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтің 2021/2022 оқу жылының қысқы емтихан сессия нәтижелерін талдау туралы және «Сессияны ұйымдастыру туралы» Тестілеу орталығының директоры Д.Н.Исабаеваның ақпараттары тыңдалып және талқыланып, ұсыныстарды ескере, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

- 1) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «2021/2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындысы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын.
- 2) Универ жүйесі мен ІС Бухгалтерияны байланыстыру мәселесі қолға алынсын. (Мерзімі – 2022-2023 оқу жылы)
- 3) **Институт директорларына және кафедра меңгерушілеріне:**
 - Сессия нәтижелерін кафедра отырысында және институт Кеңесінің кеңейтілген отырысында талқылау жүктелсін. (Мерзімі – 30.06.2022).
 - Білім алушылар тарапынан емтихан сессиясын өткізу ережелерін бұзу фактілері туралы есеп дайындалсын. Әрбір топта, соның ішінде «Академиялық адалдық» Кодексі қағидаттарының бұзылғандығы анықталған топтарда жиналыстар өткізіп, жиналыс хаттамасы дайындалсын. (Мерзімі – 30.06.2022).
 - Кафедра меңгерушілері өзінің кафедраға тиесілі білім беру бағдарламалары бойынша білімалушылардың қанағаттандырылғысыз бағалары бойынша жеке есеп дайындасын. (Мерзімі -30.03.22)
- 4) **Институт директорларына, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына және кафедра меңгерушілеріне:**
 - «Академиялық адалдық» Кодексінің ережелерін сақтау бойынша білім алушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін. (Мерзімі –үнемі)
 - Студенттер мен педагогикалық ұжымның сессия барысында этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау бойынша жұмыс жүргізілсін. (Мерзімі –30.04.2022 ж.)
 - Институттардың оқу-әдістемелік кеңестері ағымдық бақылаудың инновациялық түрлерін, базалық бағалау шкаласын, критериалды бағалау технологияларын профессорлық-оқытушылық құрамның белсенді түрде пайдалануына ықпал етілсін. (Мерзімі – 31.03.2022 ж.)
 - Студенттерді ынталандыратын, жоғары деңгейдегі ойлауды дамытатын, мәселелерді шешу дағдыларын дамытатын және жеке оқу тәжірибесін көрсететін оқу нәтижелерін тексеру үшін емтихан тапсырмаларын әзірлеу бойынша педагогикалық ұжымның деңгейі арттырылсын. (Мерзімі –31.03.2022 ж.)
 - Студенттік жұмыс бойынша академиялық адалдық туралы негізделген шешім қабылдау үшін профессорлық-оқытушылар құрамын плагиатты тексеру үшін цифрлық технологияларды және тексеру жүйесін пайдалану үйретілсін. (Мерзімі –30.04.2022 ж.)
- 5) Осы шешімнің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор М.А.Бектемесовке жүктелсін.

II. Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның «Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жаңартылған білім беру бағдарламаларының мәселелері мен даму болашағы» туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық комитеттер 2022 жылы қабылдауға білім беру бағдарламаларының тізбесі жаңартылсын және бекітілсін. (01.03.2022 ж. дейін аяқтау)
2. **Институт директорларына және ОӘБ:**
 - Мажор ББ тізімін және Minor бағдарламаларының мазмұны 01.03.2022 ж. дейін жаңартылсын.
 - 2022-2023 оқу жылының білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және жаңартуды 01.04.2022 ж. дейін аяқталсын.
3. **Институт директорларына, техникалық қамтамасыз ету-БАД/ДИО, ұйымдастыру мәселелері-Тіркеу офис/ОР, БЕЖД/ОӘБ басшыларына:**
 - Білім беру бағдарламаларын ЕСУВО РЕЕСТРге енгізу 01.05.2022 ж. дейін қамтамасыз етілсін.
4. **Институт директорларына және АМД директорына:**
 - 2 курс студенттеріне 2022-2023 оқу жылына арналған пәндер мен Minor бағдарламаларын таңдау мүмкіндігі 01.04.2022 ж. –ға дейін қамтамасыз етілсін.
5. **Институт директорларына және АМД, ТО директорларына:**
 - 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды пәндерге тіркеу және оқытушыны таңдау жүйесі 01.04.2022 ж дейін енгізілсін.
6. **Институт директорларына және Академиялық комитеттерге:**
 - Ағылшын тілінде 2 жаңа білім беру бағдарламасы 01.05.2022 ж дейін әзірленсін
7. **Институттар директорлары мен ХҚД директорына:**
 - 2 қос дипломды білім беру бағдарламасы әзірленсін (01.05.2022 ж)
 - 4 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленсін (01.05.2022 ж)

III. Халықаралық ынтымақтастық басқармасы бастығы Ә.С.Майстың «Университеттің халықаралық ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері және даму болашағы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

Халықаралық ынтымақтастық басқармасының қызметкерлеріне:

1. ЕПУҚ жұмыс жоспары негізінде “МПУ-да ҚазҰПУ аптасы” және “ҚазҰПУ-да МПУ аптасы” іс-шараларын өткізілсін (*Жауапты – Муханова К.Б, мерзімі-31.05.2022*)
2. Білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамының ағылшын тілін меңгеру деңгейін сертификаттау үшін Абай атындағы ҚазҰПУ базасында IELTS халықаралық емтиханы өткізілсін. (*Жауапты – Бекбанова Н, мерзімі- 31.07.2022*)
3. Тағылымдамадан өтуге бөлінген қаражат есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысатын білім алушылардың саны көбейтілсін, ол үшін келесідей ұсыныстар беріледі:
 - Толық шығындарды өтейтін қаражат бөліну керек;
 - Тағылымдамадан өтуге бөлінген қаражат есебінен академиялық ұтқырлық бағдарламасына магистранттарды қатыстыру (*Жауапты – Джангирова Г, мерзімі - 2021-2022 оқу жылы*).
4. Алматы қаласындағы "РУХ" отбасылық үйінің базасында 4 ТДМ ретінде ментальді мүгедектігі бар адамдарға білім беру сапасын қамтамасыз ету тәжірибесі бойынша ғылыми зерттеу жоспары мен жұмыс тобы құрылсын. (*Жауапты – Халитова И., мерзімі-31.12.2022*)

IV. Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бөрібаевтің «Диссертациялық кеңестерді құру және құрамына өзгеріс енгізу туралы» сөзін тыңдап, талқылап, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң «Диссертациялық кеңес туралы Ережесін» (одан әрі – Ереже) жүзеге асыру мақсатында докторантураның келесі білім беру бағдарламасы (мамандық) бойынша Диссертациялық кеңес құрылып, тұрақты құрамы бекітілсін:
8D023 – Тілдер және әдебиет бағыты (6D021300/8D02314 – Лингвистика) бойынша Диссертациялық кеңес; төрайымы – филол.ғ.д., профессор Қ. Есенова.
2. 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты (6D010200/8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бойынша Диссертациялық кеңестің құрамына өзгеріс енгізілсін:
PhD доктор А.Н.Умирбекованың «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атануымен орнына п.ғ.к., қауымд. профессор С.А.Нуржанова бекітілсін.

V. Бас ғалым хатшы Ж.М.Битибаеваның «Қазақстан Жоғарғы Мектебі Ұлттық Ғылым Академиясы» мекемесінен келген хат негізінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы - ректоры Билялов Дархан Нурлановичті Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі лауазымына ұсыну туралы сөзін тыңдап, талқылап, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы - ректоры Билялов Дархан Нурланович Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі лауазымына ұсынылсын

VI .Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов

Ж. Битибаева